



Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері туралы талдамалық анықтама

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауға жататын мекеменің атауы: «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Тараз қаласының білім бөлімінің «№47 «Балауса» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау бағыттары:

- 1) персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау;
- 2) мүдделер қақтығысын реттеу;
- 3) мемлекеттік қызметтер көрсету;
- 4) рұқсат беру функцияларын іске асыру;
- 5) бақылау-тексеру функцияларын іске асыру;
- 6) бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу;
- 7) жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу;
- 8) ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану;
- 9) талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

Жұмыс тобы:

2026 жылғы 5 қаңтардағы № 6 бұйрығына және 2026 жылдың 10 ақпандағы 39/1 бұйрығына сәйкес құрылды.

Топ жетекшісі:

Маниева Жаркынай Шадиқовна – меңгеруші.

Топ мүшелері:

Мирова Жумакуль Кемаловна – Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Тараз қаласының білім бөлімінің әдіскері.

Қыстаубай Алуа Ерғалиқызы – әдіскер, музыка жетекшісі

Дүйсебаева Эльмира Тилеубековна – есепші, экономист.

Кулахмедова Жазира Уразембетовна – тәрбиеші, кәсіподақ ұйымының төрайымы.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдаумен қамтылатын кезең:

2025 жыл II-жартыжылдығы.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мерзімі:

2026 жылғы 8 қаңтар мен 18 ақпан аралығы.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге жауапты:

Қыстаубай Алуа Ерғалиқызы.

1. «Персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау»

1.1. Персоналды басқару бағыты бойынша 2025 жылдың 2 қыркүйегінде бекітілген штат кестесі бойынша штат саны 31,25 бірлікті құрайды. Штаттық кесте бойынша лауазымдардың атауы мен штат бірліктері төмендегі 1-кестеде көрсетілді.

1-кесте

№	Лауазымдардың атауы	Штат бірлігі
1	Менгеруші	1
2	Педагог-психолог	0,5
3	Әдіскер	0,5
4	Музыкалық жетекші	1
5	Тәрбиеші	9
6	Шаруашылық меңгерушісі	1
7	Бухгалтер	0,5
8	Экономист	0,5
9	Хатшы	1
10	Медбике	1
11	Тәрбиешінің көмекшісі	4,75
12	Аспаз	2
13	Көмекші жұмысшы	0,5
14	Кастелянша	0,5
15	Кір жуу машиналарының операторы	1
16	Күзетші	3
17	Ғимараттарда кешенді қызмет көрсететін және жөндейтін жұмысшы	1
18	Аула сыпырушы	1
19	Еден сүртуші	0,5
20	Сантехник-электрик	0,5
21	Програмист	0,5
	Барлығы:	31,25

1.2. Қызметкерлерді қабылдау, ауыстыру және жұмыстан шығаруды рәсімдеу еңбек заңнамасына, мектепке дейінгі ұйым жарғылық ережесіне, ішкі еңбек тәртіптемесінің ережесіне, лауазымдық нұсқаулықтар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүргізіледі.

2025 жылдың II-жартыжылдығында жұмысқа қабылданған және шығарылған қызметкерлер тізімі 2-кестеде көрсетілді.

№	Аты-жөні	Қабылданған күні	Шығарылған күні
1	Жексенова Аружан Адилбекқызы	17.07.2025 жыл	
2	Жайнакова Улмекен Максұтбековна	16.09.2025 жыл	

1.3. Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы № 57 және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы № 96 бірлескен бұйрығының 3-тарауының 89-тармағында педагогтерді орта білім беру ұйымдарына лауазымдарға тағайындау конкурсы «Педагогті жұмысқа қабылдау» модулінде (бұдан әрі – Модуль) (<https://hr-nobd.edu.kz/>) жүзеге асырылатындығы делінген.

Аталған 3-тараудың 91-тармағында модуль жүйесінде техникалық ақау және ақау болған жағдайда білім беру саласындағы уәкілетті органның хаты негізінде орта білім беру ұйымдарына педагогтерді лауазымдарға тағайындау конкурсын қағаз форматта жүзеге асыруға жол берілетіні делінген. Жоғарыда аталғандарды негізге ала отырып, 2025 жылдың 28 тамызда 1,12 штат бірлігіне бос тәрбиеші лауазымдық міндетіне конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланды.

Конкурс өткізу туралы хабарландыруды мектепке дейінгі ұйымның сайтының <http://balausa.bobekjai.kz/bobekzhaj-turaly/pedagog-lauazymyna-konkurs-tkzu/179-konkurs-tkzu-turaly-habarlandyru.html> бөлімінде, әлеуметтік желілерде https://www.instagram.com/p/DN4_HD-DZnB/?igsh=NXlxeXhsMnpqajl5, <https://www.facebook.com/share/p/1CCAWuWVsu/>, <https://enbek.kz/kk/> электрондық еңбек биржасына жарияланды.

Конкурс нәтижесі мектепке дейінгі ұйымның интернет-ресурсының <http://balausa.bobekjai.kz/bobekzhaj-turaly/pedagog-lauazymyna-konkurs-tkzu/209-pedagogterd-lauazyma-taajyndau-zhnndeg-komiisija-otyrysny-hattamasy.html> бөліміне конкурстық комиссияның қорытынды отырыс өткеннен кейін келесі жұмыс күні жарияланады.

2. «Мүдделер қақтығысын реттеу»

Мүдделер қақтығысын реттеу бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

3. «Мемлекеттік қызметтер көрсету»

Мемлекеттік қызметтер көрсету бағыты бойынша мектепке дейінгі ұйым 2 (екі) мемлекеттік қызметтерді көрсетеді.

3.1. Педагогтерді аттестаттау:

«Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 25 ақпандағы № 32 бұйрығына сәйкес, педагогтердің біліктілік деңгейін анықтау мақсатында жүргізілетін рәсім, оның нәтижелері бойынша осы Қағидаларға сәйкес біліктілік санаттары беріледі (расталады).

«Ұстаз» платформасы арқылы 2025 жылдың 2 қыркүйегінде «Біліктілік санаттарын беру (растау) бойынша аттестаттау» комиссиясының шешіміне сәйкес тәрбиеші Бектурсынова Табигат Амирхановнаға 28.08.2025 жылдың №57 бұйрығымен «педагог-модератор» біліктілік санаты берілді.

3.2. Мектепке дейінгі ұйымдарға (бұдан әрі - МДҰ) құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау:

"Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы № 254 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2024 жылғы 31 мамырдағы № 133 бұйрығына сәйкес, қағидалар түріне, меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мемлекеттік білім беру тапсырысы

орналастырылған мектепке дейінгі ұйымдарға жіберу үшін мектеп жасына дейінгі балаларды (6 жасқа дейін) кезекке қою, мектепке дейінгі ұйымдарға (бұдан әрі - МДҰ) құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау тәртібін айқындайды.

"Мектепке дейінгі ұйымдарға жіберу үшін мектеп жасына дейінгі балаларды (6 жасқа дейін) кезекке қою" мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – кезекке қою жөніндегі мемлекеттік қызмет) республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім басқармалары, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың білім бөлімдері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Барлық мектепке дейінгі ұйымдардың бірыңғай тізілімі, балаларды қабылдау бойынша электрондық мемлекеттік көрсетілетін қызметтер, ваучер алуға кезектер, барлық мәліметтердің барынша ашықтығы, балалардың электрондық жеке істері және қолма-қол ақшасыз төлемдер *Indigo24.kz* – автоматтандырылған сервисі арқылы Қағиданың 1-қосымшасына сәйкес өтініш, сондай-ақ 2-қосымшаның 8-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынады.

Бөбекжай-бақшада тәрбиеленіп жатқан тәрбиеленушілер жас ерекшелігіне сай 4 (төрт) топта орналасқан:

Кіші «Балапан» тобында (2 жастағы балалар) – 20 тәрбиеленуші;

Ортаңғы «Айгөлек» тобында (3 жастағы балалар) - 22 тәрбиеленуші;

Ортаңғы «Көбелек» тобында (3 жастағы балалар) - 25 тәрбиеленуші;

Ересек «Ертегі» тобында (4 жастағы балалар) - 25 тәрбиеленуші;

Мемлекеттік қызметтер көрсету бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

4. «Рұқсат беру функцияларын іске асыру»

Рұқсат беру функцияларын іске асыру бағыты бойынша 2014 жылғы 16 мамырдағы № 202-V Қазақстан Республикасының Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңына сәйкес мектепке дейінгі ұйым жеке кәсіпкерлік субъектілерінің және осы Заңда көзделген басқа да тұлғалардың жекелеген қызмет түрлерін немесе әрекеттерді жүзеге асыруына рұқсат беру немесе хабарлама жасау тәртібін енгізуге және іске асыруға байланысты қоғамдық қатынастарды реттемейді.

Рұқсат беру функцияларын іске асыру бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

5. «Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру»

Мектепке дейінгі ұйым бақылау-тексеру функцияларын іске асырмайды.

Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

6. «Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу»

Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу бағыты бойынша 2025 жылдың II-жартыжылдында төлемдер бойынша қаржыландырудың жеке жоспарына сәйкес жүргізіледі.

2025 жылдың II-жартыжылдығында көрсетілген қызметтердің тізімі төмендегі 1-кестеде көрсетілді.

1-кесте

№	Ид	Номер договора в реестре договоров	Наименование закупки	Способ закупки	Финансовый год	Сумма текущего года	Поставщик	Дата заключения
3	23620643	050340007521/250023/00 [23]	Паспорт готовности (анерго экспертиза)/	Запрос ценовых предложений	2025	35 000.00	AAR Groupe	17.10.2025

Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

7. «Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу»

7.1. Жеке тұлғалармен шарттар жасасу бағыты бойынша "Білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартының және кәсіптік практикадан өткізуге арналған үлгілік шарт нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 2 қарашадағы № 611 бұйрығына сәйкес, мектепке дейінгі білім беру ұйымы мен баланың ата-анасы, өзге де заңды өкілдері арасында баланың мектепке дейінгі ұйымда болған кезеңінде тараптардың құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ, тәрбиеленушіні тәрбиелеу мен оқытуға өзара жауапкершілік тетігін белгілей отырып, өзара қарым-қатынасты реттей отырып 2025 жылдың II жартыжылдығында 40 тәрбиеленушінің ата-аналарымен шарт жасалды.

2025 жылдың II-жартыжылдығында жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасалды.

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Тараз қаласының білім бөлімімен жасалған шарттардың тізімі 1-кестеде және осал топ 2-кестеде көрсетілді.

1-кесте

№	Ид	Номер договора в реестре договоров	Тип договора	Способ закупки	Финансовый год	Фактическая сумма	Заказчик	Дата заключения
1	23919673	120540004946/251038/00 [47/6]	Основной договор	Договор на услуги государственного образовательного заказа	2025	9 282 000.00	КГУ "Отдел образования города Тараз управления образования акимата Жамбылской области"	04.12.2025
3	23710887	120540004946/250953/00 [120540004946/250953/00/47/1]	Основной договор	Договор на услуги государственного образовательного заказа	2025	2 837 000.00	КГУ "Отдел образования города Тараз управления образования акимата Жамбылской области"	04.11.2025

2-кесте

№	Ид	Номер договора в реестре договоров	Тип договора	Способ закупки	Финансовый год	Фактическая сумма	Заказчик	Дата заключения
2	23809515	120540004946/250442/01 [257/5]	Дополнительное соглашение	Договор на услуги государственного образовательного заказа	2025	252 626.00	КГУ "Отдел образования города Тараз управления образования акимата Жамбылской области"	21.11.2025
4	22649311	120540004946/250442/00 [257]	Основной договор	Договор на услуги государственного образовательного заказа	2025	224 626.00	КГУ "Отдел образования города Тараз управления образования акимата Жамбылской области"	18.04.2025

Қаржы орталығымен жасалған шарттардың тізімі 3-кестеде көрсетілді.
3-кесте

Тип договора	Статус договора	Способ закупки	Финансовый год	Фактическая сумма	Заказчик	Дата заключения
Дополнительное соглашение	Действует	Договор на услуги государственного образовательного заказа	2025	25 554 094	АО "Финансовый центр"	23.12.2025

Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

8. «Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану»

Ақпараттық жүйелерді әзірлеу бағыты бойынша мектепке дейінгі ұйым ақпараттық жүйелерді әзірлемейді.

Ақпараттық жүйелерді пайдалану бойынша мектепке дейінгі ұйым "Білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерін ұйымдастыру және олардың жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2011 жылғы 1 желтоқсандағы №503 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы және "Ұлттық білім беру деректер қоры" ақпараттық жүйесін қалыптастыру, сүйемелдеу, жүйелік-техникалық қызмет көрсету, интеграция және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 тамыздағы №354 бұйрығына сәйкес "Ұлттық білім беру деректер қоры" ақпараттық жүйесінің "Мектепке дейінгі ұйымдарға жолдамаларды берудің, кезектілік пен есепке алудың бірыңғай базасы" арқылы "Мектепке дейінгі ұйымдарға жіберу үшін мектеп жасына дейінгі (6 жасқа дейін) балаларды кезекке қою" және "Мектепке дейінгі ұйымдарға құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау" мемлекеттік қызметтері бойынша Ұлттық білім деректер қоры және мемлекеттік органдар мен мемлекеттік емес ұйымдардың ақпараттандыру объектілерінің өзара әрекеттесу тәртібі (бұдан әрі – Өзара әрекеттесу тәртібі) Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының (бұдан әрі – Заң) 5-бабының 10-1)-тармақшасына сәйкес әзірленген және "Мектепке дейінгі ұйымдарға жіберу үшін мектеп жасына дейінгі (6 жасқа дейін) балаларды кезекке қою" және "Мектепке дейінгі ұйымдарға құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау" мемлекеттік қызметтерін көрсету кезінде ақпараттық жүйелердің өзара әрекеттесу тәртібін белгілейді яғни, nabd.edu.kz – "Ұлттық білім беру деректер қоры" ақпараттық жүйесін;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу – goszakup.gov.kz порталын;

Азаматтардың барлық өтініштерін қабылдау және өңдеу бірыңғай платформасы "E-otinish" ақпараттық жүйесін;

Enbek.kz – Электрондық еңбек биржасы enbek.kz (бұдан әрі - ЭЕБ) жұмыс іздеу және қызметкерлерді іріктеуге жәрдемдесу үшін мүмкіндіктерді ұсынатын жұмысқа орналастыру бойынша бірыңғай цифрлық алаңын;

Мемлекеттік мүлік тізілімі E-QAZYNA.KZ активтерді басқарудың цифрлық платформасы gosreestr.kz;

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы *stat.gov.kz*;

Республикасының Қаржы министрлігі *salyk.kz*, *kgd.gov.kz* порталдарын;

Мемлекеттік кірістер комитеті Қазақстан, Электронды шот-фактуралар
ақпараттық жүйесі, Мемлекеттік кірістер комитеті Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі *esf.gov.kz* порталын;

elicense.kz – «Е-лицензиялау» мемлекеттік деректер қоры ақпараттық жүйесі»
лицензиялау процестерін, рұқсат беру құжаттарын автоматтандыру порталын;

Барлық мектепке дейінгі ұйымдардың бірыңғай тізілімі, балаларды қабылдау
бойынша электрондық мемлекеттік көрсетілетін қызметтер, ваучер алуға кезектер,
барлық мәліметтердің барынша ашықтығы, балалардың электрондық жеке істері
және қолма-қол ақшасыз төлемдер *Indigo24.kz* – автоматтандырылған сервисін;

Ұстаз – педагогтің үздіксіз кәсіби дамуының платформасын;

«QamqorTech» – бетті тану процесі және геодеректерді орналастыру үшін
пайдалану арқылы қатысуды бақылауды автоматтандыру жүйесін;

egov.kz – Мемлекеттік қызметтер және онлайн ақпарат порталын тұрақты әрі
жүйелі түрде пайдаланады.

9. «Талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер»

Мектепке дейінгі ұйымда талдау жүргізу барысында ұйымдастырушылық-
басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер бойынша анықталған
тәуекелдер мыналар:

9.1 МӘМС жарнасын есептеу кезінде порталда мүгедектік мерзімінің
аяқталуына байланысты деректердің өзектендірілмеуі

Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 16 қарашадағы №405-V ҚР
«Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Заңының 26-бабының 1-
тармағына сәйкес, мүгедектігі бар адамдар МӘМС жарналарын төлеуден
босатылады.

Алайда, 2025 жылдың шілде айында №47 «Балауса» бөбекжай-бақшасының
күзетшісі Даулетхан Алтынбекович Сыдыковқа қатысты ақпараттық жүйеде
мүгедектік мерзімінің аяқталғаны көрсетілуіне байланысты, міндетті әлеуметтік
медициналық сақтандыру жарнасын есептеу барысында техникалық деректер
сәйкессіздігі орын алып, шілде айында 3870 теңге мөлшерінде жарна ұсталған.
Кейіннен қызметкердің мүгедектік мәртебесі расталып, ұсталған қаражат
22.08.2025 жылы толық көлемде қайтарылған.




9.2. Жұмыстан босатылған қызметкерге өтемақыны төлеу мерзімінің
қаражаттың уақытша жетіспеуіне байланысты кешіктірілуі

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы №
414-V ҚР заңының 131-бабына сәйкес, еңбек шарты тоқтатылған кезде қызметкерге
тиесілі төлемдер белгіленген мерзімде төленуі тиіс.

Алайда, аула сыпырушы Нұльшан Раджабгызы Латипова 1.10.2025 жылы
жұмыстан босатылғанымен, оған тиесілі 95705 теңге мөлшеріндегі өтемақы
мекемеде қаражаттың уақытша жетіспеуіне байланысты төленбеді. Ол төлем
5.11.2025 жылы толықтай төленді.

Ұсыныс: бухгалтер Э.Т.Тилеубековнаға ескерту берілді.

Талдамалық анықтамамен келісті:

 Мирова Жумакуль Кемаловна
 Қыстаубай Алуа Ергалиқызы
 Дүйсебаева Эльмира Тилеубековна
 Кулахмедова Жазира Уразембетовна